

А 2005
4817к

ИЛИЯС
ЖАНСУГІРОВ





ІЛІЯС



КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

ЖАНСҮГІРОВ



3

Поэмалар



Алматы
ҚАЗЫҒҰРТ
2004

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 27

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің
•бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакция алқасы:

А. Сәрсенбайұлы, Ә. Асқаров, Б. М. **Бейсенбек**,
Ғ. Д. **Далбағаев**, М. М. Иманғазинов, Т. **Кәкішев**,
Т. М. **Көпбаев**

Томды баспаға әзірлегендер:

Е. Д. **Далбағаев**, Е. М. Бейсенбек,
М. М. **Иманғазинов** (жауапты шығарушы),
Г. Н. **Ботантаева**, А. Б. Құлжабаева

Жансүгіров І.

Ж 27 Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт»
баспасы, — 2004. Үшінші том. Поэмалар — 408 бет.
ISBN 9965-22-045-X

І. Жансүгіровтің көп томдық шығармалар жинағының үшінші томы-
на 1923 - 1937 жыдаар аралығында жазған поэмалары енді.
Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 4702250000
482(05)-04

ISBN 9965-22-045-X—(Т3)
ISBN 9965-22-022-0

© Жансүгіров І., 2004
© «Қазығұрт» баспасы, 2004

САЛМАҚТЫ, САЛИҚАЛЫ ПОЭЗИЯ

Поэзия — адамның жан дүниесінің рухани азығы, сөз **өнері**. Ал, **көркем шығарманың** соның ішінде поэзияның жаны — тіл.

Поэзия үшін **өмірбаян — өмірден түйген-білгеннің жиынтығы** емес, **айсбергтің көрінбейтін бөлігіндей салмақты** тағдыр сабағы, жанында дерті, жүрегінде жүгі, **мағыналы рухани ғұмыры, ақындық тағдыры** барлар ғана оқшау **поэтикалық тұлға** болып калыптасу **қақына** ие.

Асылды ең **алдымен өз төңірегіннен ізде** деп **қазақ** атамыз айтқандай, **қазақ кеңес** әдебиетінің **керегесін жайып, шаңырағын көтерген**, рухани **байлықтың** жарасқан **әсем күмбезін тұрғызған** **І.Жансүгіров** әдебиеттің **барлық жанрларында** калам тартқан, **ақындық өнерді айрықша қадірлеген** ақын, **ақын болғанда да әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің** де жаунарын **сақтай** білген жыр **құдіретінің** ең **алдымен дүлдүл, эпик ақыны** **І.Жансүгіровтің** осы шығармалар жинағына он **беске** жуық поэмалары енгізіліп отыр.

Жыр дүлділі Ілияс туралы сөз **қозғағанда** біз **оның** ең басты ерекшеліктеріне **аз-кем** тоқталып **өткеніміз** жен сияқты.

Жансүгір халық ертегілерші, жыр-дастандарын көп жинаған, **өзі тұстас ақындармен** араласқан, білімділердің қатарынан **саналған**.

Жас ақын **Жетісудың** жырына, **Махамбет, Шернияз, Абай, Ақан, Біржан өлеңдеріне, Сүйінбай — Күнбала, Әсет — Ырысжан, Жанақ — Түбек, Майкөт — Құлмамбет, Кемпірбай — Шөже, Біржан - Сара** айттыстарына әкесі арқылы **қанығады**.

«Қазақтың әрідеп ауыз әдебиеті бар ма, **Бұхар, Махамбет, Шерниязы** бар ма, берідегі **Абайы, Әсеті, Сүйінбайы, Сұлтанмахмұты** бар ма, **Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Мұхтар** секілді замандастары бар ма — **соның бәрін Ілиястың** білетіні былай **тұрсын, керемет сүйетінін** көрдім. Сол **туралы есіле де, епле де сыр шертетінін** көрдім», — дейді М. Қаратаев.

І.Жансүгіров өзіне **қажетті нәрді** байтақ **қазынадан**, Абайдан алып, соның **мөлдір** бастауынан сусындаған, жыр болып туып, жыр болып өткен ақын. **Оның поэзиясындағы азаматтық әуені мен мінез шеберлігі,**

білімділігі, парасаттылығы, болжампаздығы, халықтарихын жетік меңгергендігі әке **ықпалынан** дарығын.

Тамылжыған халық әндерін де әкеден үйренеді. Кейінірек солардың **бірқатарын** өзі жинап, бастырып **халықтың** асыл мұрасына айналдырады.

Ол ақындық талантының **кемелденуіне** қатты әсерлі **ықпал** жасаған сүйікті ұстазы Абай **өлеңдері толық** жинағының жарық **көруіне** себепін тигізді. Ұлы дарынның творчествосы туралы алпыс **сегіз** беттік **ғылыми** еңбек жазып, кітаптың алғы сөзін жариялады. Онда Абай туралы **ұзақ** жылғы **айтысқа баға** берді, ақынның тәрбие алған, **өскен** ортасына **жан-жақты** тоқталып, өмірге **көзқарасын анықтады**, **ақындық ерекшелігін** атап көрсетті.

Қорыта айтқанда, Абайдың өлеңдерін жинауда, жариялауда, оқушы қауымға таныстыруда басқа **ақындарымыз** бен ғалым, жазушыларымыз сияқты **Ілияс** та **өзінің лайықты** үлесін қосты.

І.Жансүгіров 1923 жылғы «Абай кітабы» атты мақаласында Ташкентте **шыққан жинақтағы** қате басылған **сөздерге** арнайы тоқталып, мысалы: «шалғыннан жүні қылтылдап» емес, дұрысы «шалғыннан жоны қылтылдап» немесе «биікке басшы болар деме, залым» емес, «бейіске басшы болар деме, залым» деп оқылуы дұрыс екенін алғаш көрсетеді. **Бұл мақаладағы** тағы бір өте бағалы пікір Абай шығармаларын «**толық жинақтап**, жемісті қылып шығаруға тырысу» міндеті қойылған. «Абайды жете білетін **Шәкәрім, Мұхтар, Әлихан, Ахмет** сияқтыларды **бұл** жолға үндеу керек, сөйтіп осы бастан қам қылып, **асықпай бірнеше** жылды **мойынға** алу керек» — дейді.

Сол кездің өзінде-ақ **І.Жансүгіровтің** Абай шығармаларының толық жинағын тыңғылықты дайындап бастыру мәселесін **көтеруі** және Абайдың **өмірі** мен творчествосына ең жетік, білгір адамдар деп **Ш.Құдайбердиев, М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновтарды** атауы айрықша назар аударарлық.

Ілияс поэзиясының ерекше күші, әрлілігі, әуезділігі **халық** қазынасынан **шығармашылық** жолмен мол және өзінше **пайдалана** білуінде, **оның** жалпы халықтығында, **ұлттық** байырлығында.

Ілияс лирикасының асқар шыңы 1929 жылы жарық көрген атакты «**Күй**» поэмасы. «**Күй**» поэмасында ғасырлар бойы халқымызбен бірге **жасасып**, атадан **балаға** мирас болып, уақыт сынынан сүрінбей келген, бір ғасырлық **шежіренің** куәсі болған, титтейінен Ілиястың **құлағына** сіңісті, жүрегінің **төрінен** орын алған, жазуға түрткі **болған қасиетті** қобызшылық дәстүр жайлы сыр толғап, **күйшілік өнерді дәріптейді**.

Ілияс дүниеге келмей тұрып Жансүгір ақсақал замандасы **Молықбай** атаға: «**Құрдас-ай, менін дүниеге келгелі жатқан тұңғышымның** қуанышына ортақ бол. Сен сияқты халқым деп аңырар ма **екен!**» — деген **мыс**. Сонда қобызшы ата **ұл** болса атын Ілияс қой! Қыдыр Ілияс пірім

сақтап, қолдай жүрер деп серт берген екен. Ілияс **ес** біліп, хат тани бастаған шағында қобызшы Молықбай ата елулерден асқан, алпысты алқымдаған, орта бойлы, өңі сары, басына ораган ақ сөлдесінің бір ұшы қашанда желкесін жауып тұратын. Жүзінде **мейірбандықтан гөрі қаттылықбасым**. Әр **сөзін** баппен айтып, көбіне ел сөзіне **құлақ түріп** шегір отты көзімен әр **адамға** тесіле қарап, **жақтырмайтын** болса **өз-өзінен** жиырылып үндемей **қалатын** кісі болған екен. Бала Ілияс **қаршадайынан қобызшының** іс-қимылына көзін тігіп **оның** шерткен күйін жантәнімен, бар ынта-жігерімен тындап, бүкіл ықыласын аударып, асыл көріп, **көңіліне** медеу, **қадір** тұтатын қобызшының мұнлы да зарлы, әсем де әдемі әуенді күйлері **оның** бойын шымьфлатып, көңілін **босатып** әр түрлі әуенге бөлейтін.

**Қобызшы - Молықбай шал Матайдағы,
Матайда — Кенже, Тұнғат, Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймандаған бақайшағы.**

**Жар кабак, сила, арсақай, сар шұбар шал,
Жарықшак, үні тозған, қаңсыған шал.
Іріндеп екі көзі, қол дірілдеп,
Аузынан азу тісін аршыған шал.**

**Еңкейіп екіндідей күні кеткен,
Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.
Қобызшы ол — «Ақ көбікті» аңыратқан,
Боздатып «Боз іңгенді» күніренткен!**

**Қобызшы ол — «Көк көбікті» күрілдеткен,
«Дүлдүлін Ер Әлінін» дүрілдеткен.
«Онсан мен Орманбеттің айрылғанын»,
«Жыласқан ноғай-қазақ» күйін шерткен.**

**Қобызшы ол — «Қорамжанның» күйін тартқан, ...
Зарлы қыл қыр қиялын қиындатқан.
Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,
О баста сырмайлатқан, күміс шапқан, —**

деп сол бала күнінде тындаған **қобыздың** үні, **күйдің құдіреті** жүрегін елжіретіп, сай-сүйегін **сырқыратқан**. Боз іңгеннің ботасын іздеп, боздаған, ыңыранған даусы **Ілиястың жадында мәңгі сақталып**, көкірегінде сайрап, кейіннен **оның қаламынан туындаған** үлкен **қазына** еңбектерінің бірі осы **«Күй»** поэмасы болды.

**«...Қажыған көңіл камын, жүрек жанын,
- Қозғаған қобыздағы қоңыр сарын.**

Әлемнің әуеніне бермес ем-ау,
Қазактың мұны тартқан күйші шалын», —

деп әдемі дүрілдеткен қасиетті қобызшы **Молықбайды** өзіне ұстаз санайды.

Мұхиттай терең мағыналы философиялық ойларын күй құдіретінің ғажайып күші негізінде суреттейді.

Лияс поэзиясы рухани өмірінің, сезім әлемінің, ой дүниесінің көрікті суреті, сұлулық пен ақиқат, жақсылық пен парасат, жарасым гармониясын мұрат тұтқан біртұтас рух майданы іспетті.

Оның кесек, көркем туындыларындағы түр мен мазмұн бірлігі, аз сөзге көп мағына сыйғызуы, өлеңдеріндегі эпикалық сарынның лирикалық сазбен араласып келуі, образ бен характерді реалистік тұрғыдан ашуы, өлең ырғағының шымырлығы мен ұйқастардың күйлі үйлесімдігі сияқты көркемдік келісімдерімен де ерекшеленіп көрінеді.

Ойы асқардай биік, сөз бейнелеуі шебер, тілі пісіп жетілген. Мағыналы, мәнді әдемі сөз тіркестерін, татымы мол теңеу, көркем сөз түрлерін орынды пайдаланған.

Өлеңдерінің ең жанды қасиеті ішкі ырғағында.

Ойлы тұжырымдылыққа ұмтылған шығармаларының композициялық құрылысы, тілдік ерекшелігі, көркемдік қасиеті, күрделі құбылыстары, авторлық терең толғанушылық, суреттілік өзіне тән ақындық мәнері, сыр-сипаты, мөлдір сезімі нағыз поэзия тілімен нақтылай жеткізе білуінде.

Сөздердің асыл, көркем тасын калау негізінде сөз маржанынан бір сұлу сарай тұрғызып кетті. Сұлу сөздің сүлейі атанған акын дамыту тәсілін шебер қолдана білген. Туған жер, табиғат көрінісін паш етуде, кейіпкер характерін аша отырып, оқушының сезім пернелеріне еселей әсер қалдыра білген.

Жетісуға арнап жазған өлеңдеріндегі нөсерлете төгілген қайталаулар мен үдетулерінің поэтикалық түйініне көз жіберсек, ақындық шеберлігін тану қиын емес. Ақын жанынан сөз түйдек-түйдегімен төгіледі. Ол тек «Жетісу суреттерінде» ғана емес «Құлагер» поэмасындағы **Көкшетауға** арналған «Туған жер» бөлімінде де, ақындық толғаныстарымен адам жанын сүйсіндіреді. Академик М.Қаратаевтың сөзімен айтқанда «... бұл — **Жансүгіровтің ән-күй туралы жазған шығармаларының соңғысы**, зәулімі және ең сәулеттісі. Ақынның осы сарындағы алуан сырлы асыл ой, сезімдердің тарамдалып келіп құйған кең саласы, терең арнасы».

Аңыз бен ақиқат астасып жатқан бұл поэманың басты арқауы — әйгілі Ақан серінің өмірі, оның Құлагердей жел жетпес жүйрігінің өліміне байланысты қайғылы хал-жағдайы. Ақын мұнда біріншіден, «тұсында сері болсын, пері болсын, ұнайды өмірімен Ақан маған», «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе елдегі алсын қайдан кемеңгерді» деп Ақан

сері секілді **Алаштың ақмылтық** азаматын ауыл **арасының** өсек-аяңынан аршып алып, оқырманға тарихи шындықты **кесе-көлденен** тартады.

Екіншіден, бұл өзі қазақ даласында көсіле шапқан көп **жүйріктің** бәріне қойылған ортақ ескерткіш сияқты. **Бұрынғы-соңғы** тарихымызда талай тұлпарлар болған. Бірақ біздің көз алдымызда тек **Құлагер** тұрады. Бұл да сол Ілекең қаламының **қуатынан туындаған** әдемі сезімдердің әсерінен болса керек.

Ал, енді осы поэмадағы **көркем Көкше** көріністерін, Сағынай асының **айшықтарын**, әсіресе аттың сипатын беретін сәттердегі көркемдік **кестелері** керемет. Мұны Абайдан кейінгі теңдесі **жоқ сипат** десе болғандай.

Ілекеңнің **қабілет-қарымын танытқан** саланың бірі — драматургия. Отызыншы **жылдарда** ол «Кек», «Түрксіб», «Исатай-Махамбет» т.б. пьесалар жазды. **Бұлардың алғашқы** екеуі сол **замандағы** тап тартысы **тақырыбына** арналған. Ал, «Исатай - Махамбетте» екі **жақты** қанауғатүскен **қарапайым** халықтың отаршылдық езгіге қарсы күресінің жай-жапсары баяндалады. Тұлпар мініп, ту ұстаған Исатай, Махамбет **сынды** арыстарымыздың **айбынды бейнесін** сомдайды. **Ілиястың бай ақындық тілі** осы өлеңмен жазылған поэмада өзінің **айшықты** өрнектерін молынан танытты.

Ілияс та Ақан секілді тауда туып, тауда **өсті**. **Көкше** перзенті Ақан сияқты әсем Алатаудың баурайында ер **жетті**.

Ілияс:

Таудағы таскындаған ағын судай,
Өлеңім басталады таудан ұдай...

Иә, болмаса:

Мен **өзім** тауда туып, тасында естім,
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім;
Асқарда Аршалыға қозы жайып,
Бұлттың аспандағы қасында естім, —

деиді.

...Көк кілем, балаусасы **балбыраған,**
Көк жібек жапырағы жалбыраған.
Ақ кант **аспандағы** сонда жауып,
Бал **бұлақ** таудан, тастан **орғылаған.**
Кекшетау жер жаннаты жеке біткен,
Бұл сұлу кен далада бойын күткен.
Жомарт тау дастарқанды, **момақан** тау,
Шипа тау тазартатын **барлық дерттен**¹.

¹ «Құлагер» поэмасының «Туған жер» бөлімінен үзінді. 256-бет. II том. Поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1987 ж.

Немесе, «Жетісу суреттері» өлеңіндегі «Жалпы сын» бөлімінде: <

Жер таппан жерде жетер **Жетісуым:**
Күркылдек, Кексу, Лепсі, Іле, Шуым,
Асқардың аспан сүйген сілекейін,
Жан бар ма таппайтұғын, айтпайтұғын,
Бөленген бұлпа мәңгі меніреу күз,
Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым,
Асқардан ақтарыла арқырағын,
Жөкеңнің кім аңсамас балдай суын!

Ортаңғы өлең шумақтары Көкшенің сымбатты көркін ерекшелендірсе, алдыңғысы мен соңғысы жер жаннаты Жетісу өлкесінің шоктығын көтереді. Осындағы «**Аққант** аспандағы **сонда жауып**», «Шипа тау» сияқты бейнелі сөздер **Ілияс қаламынан туған** тың өрнектер.

Көрікті көркем табиғат Ақан, **Ілияс** жырларының арқауы. Олардың жыры да, емірі де пәк өмірді көкседі, осы табиғаттай жаннат жомарттықты аңсады. **Ән-күй жырының өзегі** де осылар болды. Жігіттік өмірлері **Көкше** мен **Жетісудың** аясында өтті.

Табиғатты, сымбатты сұлуларды суреттеген көріністерге қарсы акын екінші бір **өмірдің** сүреңсіз **жиренішті** кескін келбетін алға **тартады**. Сол суреттеулері арқылы **сахараның «қаймаққа шығарларының** сьфы, **сүрқия пішіні, жексұрын** мінезі ашылады».

Поэмада Ақан **қайғысының** тереңдігін білдіру үшін **Ілияс** бүкіл елі, тірі табиғатты **Ақанмен** бірге өгілдіреді. **Ақанмен** Құлагердей күрсіндіреді.

Жарлының жалғызы өлсе жанын ұрар,
Дәл сондай жақсы атына Ақан жылар.
Жел жылап, қол күрсініп жатқаны не,
Таудағы «Ой, бауырым» дар неге сулар?

Ой мен қыр, орман, тоғай неге шулар?
Аң мен құс күйініп жүр, не үшін бұлар?
Арканың аяулы аты өлгеніне
Аспан, жер аза тартып тұрған шығар!

Жалпылдап жапырағымен сергелденде
Селкілдеп қайындар да тұрды желде.
Егіліп **кара** тастар **қайыршак** боп,
Жылаған **бұлақтармен** кетті көлге.

¹ «Жетісу суреттері» «Жалпы сын» бөлімі. 138-бет. I том. **Өлеңдер.** - Алматы, Жазушы, 1986 ж.

Не берсін жат **жалғызға**, аз кедейге,
Тіксе де оларға емес, **асқа бәйге**;
Жұмсарды Құлагер мен Ақанды аяп,
Дұспанның бауырынан тас та кейде.

Қояндар кайғырысты кеуегінде,
Көбелек **күйіп** ұшты бірден-бірге.
Қуанды түлкі, **қарсақ**, қырда қасқыр
Жылқы жоқ соғатын деп **бұдан өңге**.

Жолыққан аяулы атқа, ардақты **өрге**
Неткен жан шыдай алар **мұндай** шерге.
Қашаннан **қаяу көңіл** сері Ақанға,
Қайғырған сияктанды көк пен жер **де**.

Деген сөз — өншейін сөз — жан жылады,
Аяса адам неге кан кылады?
Осыған жылау түгіл, **қуанған** бар,
Керетін онай олжа өлген **малды**.

Қарғалар **қарқылдасып** хабар **салды**,
Күшіген қызыл көрген аспанды алды.
«Білмеген ер кайғысын, сұмырай!» деп,
Қаршыға қуып жүрді сауысканды.

Жүйріктің жосылғанда қызыл қаны,
Жүрегі жер мен көктің тызылдады.
Қуанып кан **көргенге** кара шыбын,
Асындай Сағынайдын быжылдады.

Ақын табиғатты адам кейпінде алады. Оларды да «Ой, бауырымда-тып», **селкілдетіп**, «**сергелдеңге** салып», **егілдіріп**, күйіндіреді.

Олардың барлығы **Құлагер өлімін аза тұтады**. **Көңілі** қаяу Ақан сері қайғысына елжірейді. Оқиға өрбісіне қарай **сұлу** табиғат реңі жадау, **күнгірт** тартып, мүлгіп **қамығады**. Шығармадағы детальды орынды, ондағы табиғат суреттерін **сөзуарлық** үшін емес, кейіпкердің характерін ашу арқылы **өзінің ой-арманына**, **қажетіне** орай алуы суреткер **шеберлігінің көрсеткіші**.

Өмірдің ағымына, **заманның ыңғайына** қарай алуан түрлі тақырыпта, **әр жанрда қалам** тартқан дарынды **ақын**, **жалынды** публицист, **талантты** драматург, **уытты** сатирик, білімдар **сыншы** ретінде **халқына танылды**.

Ілияс шығармаларынан жер мен **көктің**, тау мен тастың, жан мен жәндіктің, күн мен түннің, таң мен кештің, жаз бен қыстың, **көктем** мен күздің алуан суретін табамыз. Жырға жүйрік, **сөзге** шешен **ақын** поэзиясында пейзаж түрлі **идеялық-көркемдік** мақсатта **алынған**. Оған дәлел Жетісу **жерінің** тамаша суреттеріндегі терт **тоғысқан** арнадай,

сабақтаса ұштасып жатқан жылдың төрт мезгілі. Өленнің психологиясын ашуды мақсат ете отырып, адамдардың арасын біріктіретін ашылмас дәнекер туған жер екендігін айғақтайды.

Акын ауылдан шетте жүріп қыр-белең, алтын аймақ, келер тан, кемел шак, құрдас жігіт, құрбы қыз, қимас достар, ата жұртын аңсап жазған қолжазба естелігінде «Өмір таңы балалық кой, оны еске алсам өскен жерім көзіме елестейді. Тауда ала қарлы асқар, жазық жайлау, ойда боз дала, құла құм, олардың ортасынан бөліп аққан иір өзен. Өзен өлкесі түлкі жүн, қамыс, тал, жаңғыл жиде. Қыры теріскей, қара жусан. Ойы ши, ұсақ, күрақ. Құмы сағыз, селеу, қыпша. Қырда күм ішінде, өлкеде өзен бойында шоқ-шоқ қыстау».

Ілияс «Суретін сөз баяндап жеткізе алмас», көркіне көз тоймас тамаша табиғатын, аққу ұшып, қаз қонған өзен-көлдерін, аспанмен астасқан асқар тауларын, ұшқан құс, жүтірген аңын өлең сөздің өзегіне айналдырып, туған өлкесінің тұғыры биік тұлғасын жасады. Жерұйығы Жетісудың алты өзенінің Балқашқа құяр арнасын тамаша суреттей отырып, біз біле бермейтін, естімеген Жетісу жеріндегі 67 тау, 58 жәндік, 20 аң, 38 құс, 59 шөп, 31 жер түгі ағаш аттарын атап, табиғаттың әдемі жанды тіршілігін, бай суретін жасаушы ретінде танылды.

Күркілдек, Кексу, Іле, Шу өзендеріне ешбір өлкенің өзені жетпейтіндігін, сөзбен жеткізе алмайтындығын дәлелдеді. Өмірді жырға бөлеп, өнердің тілін білген акын көктен нұрға шомылған, жерден жібек жамылған, қырға қызыл шырайын төккен, нұрлы күнге қарап мелшиген, бауыры торқа, басы бәтес Алатаудың мәңгі бұлтқа бөленген меңіреу құзын, ну тоғай, қоғалы көлін, жасыл көлдің үстіндегі екі шынды қосақтаған жабағы бұлтын, жағадағы көк толқыны мен бедер бұлағын, тік жырасына дейін әдемі бейнелейді. Қасиетті топырақтың әр тасы күй тартып, бұтасы ән салған, ән мен жырдың, күйдің мекені болған табиғат заңдылықтарын, оның құбылыстарын көкейге қонымды тіркестерді өз орнымен ықшамдап, ойын жинақтап, сөзді сараң толғап, халықтың тіл байлығын жете меңгеріп, сөз асылын тере білген.

Ілияс творчествосы өлең мен өнердің, ғылым мен ойдың өнетін дәні, өркендейтін топырағы, өрістейтін өңірі бір екендігіне көзінді жеткізеді. Оған дәлел акын өзінің бір естелігінде: «Табиғат — анаң, оны сүю керек. Сонда оны жазбасқа шамаң болмайды» — дейді.

Әр гүлдің өз түсі, өз иісі болатыны сияқты әрбір қаламгердің өз қолтаңбасы болады. Біреулер жылтыр сөзге, көзге күннің сәулесіндей ұрып тұратын теңеулерге әуес келеді. Ал кейбіреу ұтымды ой, мөлдір сезім, жүрекке жылы тиер жасырын сырын астарлап жеткізумен оқырман жүрегіне жол табады. Жалпы творчество адамның мінез-құлқына, болмысына тартады деген сөз шындыққа ұласады. Өйткені жан дүниенен шыққан жүрекжарды сөз қаламгердің бет-бейнесі, ісі, ойы. Ілиястың өлеңдеріне тән нәрсе — ұтымды ой, астарлау өрнегі арқылы әше-

кейлеп әдемі өрнек токуында. **Өлең сөздің мәнін жанаша танып**, жоғары бағалағанында.

«...**Ілиястың отты жырына** елітіп, тынысынды **ішке тарта** тына **қаласың** да, сонау бір **алыс** жакты сағына ансаған ман-маңаймен маужыраңқы күй **кешесің**. Әр **өлені қиялды әр** килы тербетеді. **Көңілде** күмән да жок **емес**. Сол күмәнды қоюлата түскендей **тұманды** дала, кыраулы қыр, ақ **мамыққа малынып**, **көңілсіз** күйде терең тыныс алғандай болады».

Ақын желмаядай желіп, қырандай калықтап, жырдан кесте тігеді. **Көздің** жауын алатын небір **сиқырлы** бояулар табады. Енді бірде арбаушыдай еркіннен айырып, бұйдалы ботадай оқушысын жетегіне алады. Оның табиғатты бейнелеудегі шеберлігі қазақ поэзиясының жаркыш беттерін ашады.

Ілияс та Абай сияқты ез **өлендерінде табиғатты** адам қоғамынан аулақ алып жырлайды. Сол кездегі **қазақ** халқының әлеуметтік жағдайларын, қоғамдық тіршілігін **күнкөріс** әрекеттерімен байланыстыра суреттейді.

Сұлу сөздің сұлейі — **І.Жансүгіровтің сұлулыққа**, жарасымға толы **сөз** тіркестері, маржан **сөздері моншақтай** тізілген бағалы тас тәрізді.

Табиғат пен адамдардың бітім-болмыстарын **сөзбен өте жоғары көркемдік** дәрежеде ажарлы, қанық **жеткізуі**, **өлеңнің ұйқаспен** бірге ырғағына ішкі динамикасы мен **әуенділігіне**, **сыртқы түріне төтенше** талап қоюы да Абайдың әсерінен. «Абайдың **өлендері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен** үздік артықтығы әр **нәрсенің бергі жағын алмай**, арғы жағынан қарап **сөйлегендіктен**. Басқа ақындардың **сөзге шеберлігі**, Абайдан кем болмаса да, білімі кем болмағандығы даусыз» — дейді **А. Байтұрсынов**, «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында.

Ілияс өз бағыты, ез стилі бар, **қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелген қайраткер**.

Ілияс казак поэзиясының идеялық ауқымын, тақырыбын кеңейтті. Әдебиетте Абайдан кейінгі жаңа жанрлық түрлер қалыптастырды.

Оның шығармаларында өмір шындығы, оның кайшылықты көріністері, дала пейзажы **көшпелі өмір тұрмысы** молырақ қамтылады. **Көшіп-қонған ауылдың бейнесін алғашқыда** сырттай суреттейтін ақын кейін ішкі **көріністеріне** де үңіле **көз** салады, жалпылама болса да **әр** алуан адамдар **тұлғасын** елестетеді.

Жылкы малын суреттеуде **Ілияс** Абайдың **өзімен** тең түскендей. Мұны біз «**Құлагер**» поэмасынан көреміз.

І.Жансүгіров творчествосының шыңы, киесі «Дала», «**Күй**», «**Күйші**», «**Құлагер**» поэмалары.

Академик **М. Әуезов**: «**І.Жансүгіровтің ірі поэмалары**: «Дала», «**Күйші**», «**Құлагер**» лирикалық, философиялық оқиғалы, сюжетті поэма үлгісі. Осы үш поэма **тұсында қазақтың** Абайдан кейінгі поэзиясы **аса** биік,

ірі сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпыдүние тану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас — барлығы да бұрынғы казак поэзиясы тудырмаған тын жаңалықты аңғартады...» — дейді.

Аталған шығармалар ұлттық мәдениетіміздің озық дәстүрін бойына сіңірген, философиялық ойлары кемел, тарихи болмысы кең қамтылған, халық өмірін дәл суреттеген өрі заты **казак** поэзиясын жаңа тарихи белеске көтерген, қайталанбайтын классикалық туындылар. Кен көсілген көне казак жерінің сан ғасырғы азабын, қасірет кешіп, талмай ізденген бақытын, елдің мұңын жоқтаған сиқырлы күйшіні, құдіретті Мольқбайды, жаралы **Ақанды**, қанатты **Құлагерді** дәл солай жырлау үшін Ілияс болып тууы керек. Керкем ойдың ғажайып үлгісін танытқан бұл терт поэма жыр атаулының терт тіреуі секілді.

«... Мен көркемдік жағынан «Күйші» поэмасын суреткер ретінде **Жансүгіров творчествосының** шыңы деп білемін» немесе «І.Жансүгіровті суреткер мен уақыт мәселесі жиі толғандырған. Әділет пен махаббатты әспеттеп кең даланы әнмен тербеткен де тебіrentкен Ақан сері трагедиясы оның творчествосында аса айрықша орын алады. Поэмада Құлагер сипаты қалай суреттелген десеңізші! Бұл тұлпар атаулыға қойылған тұғырлы биік ескерткіш қой. Мұндай сипаттау өзінің құдірет-күші жағынан біздің поэзиямызда біреу болса, осы шығар» — дейді О. Сүлейменов.

«Өлді деуге бола ма, айтындаршы өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп данышпан Абай айтқандай, Ілияс өлген жоқ, халқымен бірге мәңгі жасай береді. Ақын «Құлагерге» кіріспесінде көрегендікпен болжаған:

Тасқында, тау суындай көңіл жыры,
Қазақтың сусындасын ойы-қыры.
Бұрқырат бұлағынды кең далаңа,
Бастырмай шөпке-шарға тоқтап кұры.

Даланың той болғанда бүгін күні,
Жүйріктей бабындағы жүгір, міні;
Орай шап алдын, артын жиын жұрттын,
Жыр кыла бүгінгіні, бұрынғыны...

Шат көңіл, шадыман жұрт ақынысың;
Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың;
Баласың бақытты елге, түс майданға,
Халқыңның қайратысың, ақылысың...

Халқымның қуанышты бұлбұлымын,
Жұртымның жүйрігінің дүлдүлімін.
Көтеріп көптің көңілін күнде шауып,
... Жүлде алар жұма сайын туды күнім.

Шат елдің шешенімін, даңғылымын,
Шыным сол, правом бұл, заңды мұным.
Астанам Алатаудан санкылдасам,
Жетпей ме жер жүзіне **жанғырығым?**

ӘК СІ-

1955

Түптеп келгенде **І.Жансүгіров** казак **әдебиетінің** төкпе жорғасы, алдына қара салмайтын тұлпары, биік бәйтерегі, жырдын алтын дінгегі, заңғар шыны, **қайталана бермейтін** ғажайып **құбылысы**. Сондықтан да оның мұрасы жыл **өткен** сайын жаңара, **көздің** жауын алатын **сұлу** тұлпардай биіктей береді, биіктей береді.

Оқырман **қауымның** жылы лебізіне **бөленген**, сыншылардан келісті бата **алған**, **ақынның** ақындығын **айқындай** түскен шығармасы - «Күйші» поэмасы. Ғалым, әдебиетші Е. Исмайылов: «**Ілиястың** бұл поэмасындағы түйдекті образдар, тамаша бай теңеулер **бәрі де орынды**, күйдін сарынынан **өр** кезендегі **толқындарынан өмірдегі**, айнала табиғаттағы **көріністің, құбылыстың** бәрін тауып теңеген (боран, дауыл, айдаһар, **жылан...**), орынды **салыстырған**», - деп жазады.

Тілдің бай лексикасын орынды қолдану арқылы **ақын қазақ** халқынын басынан кешкен тарихын, тікелей мүддесін, барлық кәсібі мен шаруашылығын, күллі мәдениетін, қазақ халқына тән сезім мен эмоциялы **күйін ұқтырғандай**.

Ақынның «Күйші» поэмасындағы күйші **жігіттің** ішкі сезімін суреттеуі:

...**Апыр-ау**, жел боп неге жаралмадым,
Қасына кісі болып бара алмадым.
Жыбырлап ертеңді-кеш аймалақтап,
Бетінен сүймес пе еді самалдарым.

Күйші **жігіт Қарашаштың** әдемі, **көрікті қыз екенін** байқаса, мінез-құлқы, іс-әрекеттерінен катыгез ханшалардың бірі екендігін таниды.

Ал күйшіні:

...**Ажалым** айдаһарға айдапты ғой,
А, **Күдай! Тәуба! Тәуба! Тәуба** дедім!

деп **сөйлетеді**. Бұл жерде ханша - айдаһар, **ұқсату** — метонимия. **Айдаһар қандай** қорқынышты, **сұсты** болса, Қарашаш та сондай (бұл ауыз әдебиеті үлгісі — ертегінің **әсері**). Немесе:

Бөрі отыр бөлтірікке беріп **ырық**,
Алар деп өз абыройын өзі-ақ **жығып**.
Балқаштың түңғиығы толқын бермей,
Тымырсып терен **жатыр іштен тұнып**.

Бұнда бері — Кене, **бөлтірік** — Қарашаш.

Нән, ноян, жуан, жүйрік, **саңлақ** ылғи
Жиналды Әлімкұлға **датқа** мен би.
Үйсіннің өңшен құсы ұшып жетті —
Тау бүркіт, **күшігендер**, мыки, **қырғи**,

деген жолдардағы ірілі-ұсақ құстар **Үйсіннің** атқамінерлері.

Тіл **көркемдегіш құралдары** — дай-дей косымшасы **арқылы** жасалған теңеулер.

...Күй алды **Бақанастың** кара өзегін,
Дауыдай бүркыратып ебелегін.
Кара жер калкып барып **қайта** калды,
Саймактың суырғанда «Сары езенін»...

...Алатау күй **тындады** ауыдай боп,
Тас балкып толкып жатты бауырдай боп.
Аңкылдап алтын **күрек** домбырадан
Құйып тұр жазғы жылы жауындай боп, —

деген **шумақтардағы** жүйесін тапқан теңеулерді, жен **сөздер** мен халқымызға тән **сөздерді** ақын асқан талғампаздықпен елеп, екшеп алған.

...Құлпыртып бәйшешекті кетті шалкып,
Аққудай көкте күйлеп, **көлде** калкып.
Актарып, лекілдетіп, лепілдетіп,
Талдырып, тамшылатып, сығып, саркып.

Біресе ағытылып күй сылдырлап,
Тербетіп **тындағанның** көңілін ырғап,
Бұлақтай таудан **тасып**, тастан орғып
Аңкылдап жатыр жосып сайды **құлдап**.

Күлдірлеп қоңыраудай, күй сыңкылдап,
Бота күй маймаң **кақты** үн былқылдап.
Қоғадай салбырасып **хан**, қарасы,
Намазға ұйыгандай отыр тындап.

Қаққанда деген күйді «Терісқақпай»
Жым-жырт боп тына **қалды** жел де сокпай;
Домбыра **айналаға** дүбір салды,
Адақтап жалғыз шағасан жүйрік аттай.

Үйқас, **ырғақтан** гөрі ойды жеткізу үшін орынды қолданған.

«Ілияс үшін «Дала» деген ұғымның **қаншалықты** күдірет екені, **оның** өз даласын мұқалмас махаббатпен **сүйе** білгені маған аян» — дейді С Мұқанов.

1987. «Дала» поэмасы ірі белес жасаған тарихи-философиялық ұзақ са-
лалы туынды.

1987 «Дала» поэмасынан поэтикалық синтаксистік кайталау үлгілерін
кездестіруге болады:

«Каратаудын басынан
Көш келеді» деген күн;
«Көшкен сайын бір тайлак
Бос келеді» деген күн...
«Қарындас пен қара орын
Калғаннан соң, дариға,
Кара көзден мөлтілдеп
Жас келеді» деген күн.¹

Мұндағы «деген күн» сөзі кайталанып отырады. Кайталай отырып,
оқиғаның ауыртпалығын шегелей, оқушыға эмоциялық әсер етеді.

Ілияс — ірі қоғам кайраткері. Жазушылар Одағын басқара жүріп
жас қазақ әдебиетінің кабырғасы катып, бұғанасы бекуіне айрықша
еңбек сіңірді. Ол сондай-ақ ұлттық кино өнеріміздің өркендеуіне де
өзіндік үлес қосты. Қазақ фильмдері тарихында алғаш түсірілген «Қазақ-
станға 10 жыл» деректі фильмінің аға кеңесшісі болса, «Дала жыры»
атты фильмде Аткамінер релін ойнады.

Ал, «Құлагердегі» мына кайталаулардың орны басқа.

Кей-кейде жауын болып, жылап акты,
Кей-кейде дауыл болып соқты катты;
Кей-кейде күніреніп, көлдей толқып,
Кей-кейде қу ағаштай құлап жатты.

Кей-кейде әнге шырқап өлең айтты,
Кей-кейде томсырайып тастай катты.
Қылғандай кайынды қос, тасты төсек,
Аһылап, ағаштағы бастай катты.

Поэмадағы «кей-кейде» сөзі Ақанның ой-санасынан кер Құланның
бір сөт шықпағанын айғақтайды.

І.Жансүгіров поэзиясының өнегесі де, өрнегі де мол. Сыншы
М.Қаратаевтың сөзімен айтқанда: «...Тұтас алғанда Ілияс поэзиясы те-
рен ойдың, үлкен сезімнің поэзиясы. Ол өрен жүйрік, асқан ақынның
тегеурінді талантынан туған жоғары идеяны, шыншыл, ұшқыр қиялды,
қуатты поэзия, салмақты, салиқалы поэзия, бұл поэзияның мазмұны
заман құбылысын камтуы, оның жырлағаны — халқы».

¹ І. Жансүгіров. II том. Поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1987 ж. «Дала» по-
эмасынан үзінді. 69-бет.


Ілияс — шын мәніндегі интернационалист ақын. **Көркем** өдебиет баспасында поэзия редакторы болып жүргенде М. Лермонтовтың, Н. Некрасовтың, И. В. Гегенің, В. Гюгоның, Г. Гейненің өлендерін ана тілімізге аударды. Орыстың **ұлы** ақыны А. С Пушкиннің Ілекең **тәржімалаған** «Евгений Онегин» поэмасы аударма жауһарының бірінен саналады.

Сөз байлығы, сөздердің тандамалы талғамалы орындарын дәл тауып, **қиыннан қиыстыруы,** жаңа мәндегі көркемдегіш **құралдарды,** образды **сөздерді** шебер **қолдануы ақынның асқан ұсталығын** көрсетеді.

Қазақ поэзиясы **тарихында** жер бетінің тірі жұмағы, **Жетісудың маржаны** атанған... «Ағыңды **Ақсудың**» асау арыны, сол асау арында саңқылдаған Сараның самал даусы, «**Құлагердің**» күйғытқан дүбірі, Мольқбай қобызының сарыны бар.

Гүлмира Ботантаева,
Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік
университеті «қазақ өдебиеті»
кафедрасының ғылыми ізденушісі

Поэмалар



1923 - 1933

Мақпал

(Бітпеген поэма)

Өр Іле, өргек Іле, ұшан Іле;
Оскырып ұлы асқарды құшады Іле.
Қайсарын Қас¹, Күнестің² қосарына ап,
Текестің тентегін ап жетегіне.

Арқырап Алатауды у-шу қылып,
Бұрқырап бурадайын құсады Іле.
Тау бұзып, тасты сүзіп, жарды жарып,
Бұлқынып бұйра құмды құшады Іле.

Көктөбе, Үшқарқара — жер жаннатын
Өзінің өлкесіне косады Іле.
Сол жерді қоныстанған Албандағы
Болған іс кеше — мұнда осы әңгіме.

Егіз ел ежелгіден Албан, Бұғы;
Белгілі қашан қоныс алғандығы:
Кешегі Кенесары ауғынынан
Ертерек Албан өрге барғандығы.

Белгілі: бек болғаны хан Тезектің,
Ұлы жүз баласына Бөйдібектің.
Іленің екі жүзін төре сұрап
Тұрғаны Жалайырда төре Сөктің.

¹Қ а с - өзен аты,

²К ү н е с — тау және өзен аты.

Түйісіп Түркстанға тиген әскер,
Қоқанға қоштасқаны хан мен бектің.
Тараншы Таз сұлтаннан медет тілеп,
Сасқаны Саурық пен Тазабектің.

Асаудан азу мұқап, нокта киіп,
Боз тоқты — бодам болып, тозғаны екпін.
Десек те сол заманды күні кеше,
Талай жыл, талай өмір, өтті-аукөп күн.

Қарқара — ел бесігі жер анасы,
Қарлы ала — ел несібі, ел анасы.
Жел желпіп, бұлт бөлеген, нұр шомылтып,
Керілген кербез асқар кер аласы.

Мылқау құз, саңырау сай, меңіреу шокы,
Қас жақпар, қайсар қия, такыс тасы.
Кәрі қар мәңгі-мүңгі мұз жамылған,
Тасында тағы орғытқан сай-саласы.

Мөңгіден мөңкіген су, мөңреген сүт,
Исінген, елжіреген ен даласы.
Текті құс, тентек Ұзақ өскен сонда
Саурықтың анау айтқан бел баласы.

Ұр шокпар, Ұзақ о жар, тентек қияс;
Қиямпаз, қиын, қикар, қайырымы аз:
«Ұзақ — мұз, Ұзақ — аю, Ұзақ — батыр» —
Дейтіні Албандардың әлі де рас.

Итпелеп ұлық гарды дегенімен
Қолышан тарайды-мыс сайлау — сияз.
Ұзактай қайрымы жоқ катал жанға . . .
Қыз біткен Мақпал атты өмірі тым аз.

От болып Албан, Бұғы ортасына,
Ұлы сөз, ұлық алды болған бір жаз.
Қаздайын қарға қайтқан қанын шашып, _____
Қара көк — қара көкке болған нияз. Ә¹

Ұзақ өр қазақ түгіл орысына, Г нәзімі
Ол тоқпақ өзі қойған болысына,
Өйткені ел жуаны, ру басы,
Ұлық та қарайлаған сонысына.

Өлді Ұзақ он алтыншы жылда ұсталып,
Осы елдің көтерілген соғысында.
Орғымай оралайын ойдағыға,
Қызықпай тоғыз сөздің тоғысына.

Ұзақтың аулын әкеп қондыралық,
Дейтұғын Таңбалытас қонысына.

I

Күн батты, жұлдыз шықты, жабылды ымырт.
Шөгісті, қонды асқарға мұнар, бұлт.
Ел жатты. Жылқы жусау. Тоғай тынды.
От сөнді. Қатын қайтты қайнатқан күрт.

Тыншықты күркілдеген кемпір-шал да,
Тыншықты күйістегі жақын мал да.
Жалғыз-ақ тыныш ұйқылы түнді оятып,
Маң төбет маңқылдайды анда-санда¹.

Ай қандай, ауыл қандай жайлаудағы, —
Қысырақ жусап тұрған салмаудағы¹
Қарағай қарабаран карауытқан,
Мұз-сәуле шағылысса тау-таудағы.

Сүйініп сол суретке мүлгіп жатқан,
Кісі ақмақ — күр көрікке құмартқан.
Бақ емес — байымдасаң — бай табиғат,
Бәрі сор — шерлі жанның күйін тартқан.

Аскары — асырмайтын бөгеудейін,
Шалғыны — жан жаралап егеудейін;

¹С а л м а у — тау етегіне жеткізілетін жол.

Самалы — жүрегінді жұла жалмап,
Су сөзі — «кел косыла бебеулейін».

Қалын жау — қарағайы найза асынған,
Қайыны — арашашы, майдасынған.
Тастары — оқ, туы — тұман сықылданып,
Шақшиса асқар көзі — ай басынан.

Телміріп, көкке өрлеген Алатаудың,
Не заңғар биігі бар нелер зәулім.
Тантытқан татқан жанды бұлағы бар,
От жаққан уытына бас асаудың.

Тербеткен махаббаттың күйін ащы,
Осы күй ұйықтата ма ойлы жасты.
Айды андып Шабансары¹ жанасқанда,
Ренжіп ернін ақ үй ептеп аштты.

Жабырқап жатыр жусап жаратылыс,
Бермеді түнерген түн қызға дыбыс.
Шошымал шолпы, шашбау сылдырады,
Жалғыз-ақ сыртылдады күміс кебіс.

Осының ойысқаны ойдым, өзек,
Сылдырлап, сорлы суы қаққан безек.
Қусырып қос тізені қол айкасты,
Бәйшешек иісін бүрікті кезек-кезек.

Ақ көйлек күңгірттенді күрең барқыт,
Ақ мандай ай аялап етті жалт-жүлт.
Шалғынды шайқай соғып самал сүйді,
Отырды шашы шалқып, бойы балқып.

Керілді кербез марал, келіскен қыз,
Тулаған тонды жүрек, қыз — болды мұз.
Құбылған құйын сезім қолды қағып,
Еңкейіп оң жағынан жұлды жалбыз.

ЧШабансары — жұлдыз аты.